

# "БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

---

---

## **К е л і с і л д і**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
агенттігімен

2010 жылғы 13 қыркүйекте

Қазақстан Республикасы  
қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
агенттігі Төрағасының орынбасары

## **Б е к і т і л д і**

"Бағалы қағаздар орталық  
депозитарийі" АҚ Директорлар  
кеңесінің шешімімен

(2010 жылғы 11 маусымдағы  
отырыстың № 4 хаттамасы)

2010 жылғы 1 қарашадан бастап

**қолданысқа енгізілді**

М.Б. БАЙСЫНОВ

# **Бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық сәйкестендіргіштерді беру ҚАҒИДАСЫ**

---

---

Алматы қ.

2010

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 өзгерістер мен толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2010 жылғы 29 желтоқсандағы отырыстың № 11 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2011 жылғы 3 ақпанда келісілді;
- 2011 жылғы 23 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді.

### **2. № 2 өзгерістер:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2011 жылғы 11 ақпандағы отырыстың № 1 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2011 жылғы 14 шілдеде келісілді;
- 2011 жылғы 8 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді.

### **3. № 3 өзгерістер мен толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2011 жылғы 1 сәуірдегі отырыстың № 3 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2011 жылғы 14 шілдеде келісілді;
- 2011 жылғы 8 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді.

### **4. № 4 өзгерістер мен толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2012 жылғы 7 мамырдағы отырыстың № 3 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылғы 20 маусымда келісілді;
- 2012 жылғы 16 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

### **5. № 5 өзгерістер:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (Директорлар кеңесі мүшелерінің 2012 жылғы 22 мамырдағы сырттай дауыс берудің № 5 хаттамасы (ж));
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылғы 22 маусымда келісілді;
- 2012 жылғы 23 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

**6. № 6 өзгерістер мен толықтыру:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2017 жылғы 29 қыркүйектегі отырыстың № 21 хаттамасы);
- 2017 жылғы 23 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына, ISO 6166 "Бағалы қағаздар және оған қатысты қаржы құралдары – Бағалы қағаздарды сәйкестендіру үшін халықаралық нөмірлеу жүйесі (ISIN)"<sup>1</sup> (бұдан әрі – ISO 6166 стандарты), ISO 10962 "Бағалы қағаздар және оған қатысты қаржы құралдары – Қаржы құралдарын жіктеу (CFI коды)"<sup>2</sup> (бұдан әрі – ISO 10962 стандарты) стандарттарына, аталған стандарттарға берілген Ұлттық нөмірлеу агенттігі қауымдастығының<sup>3</sup> (бұдан әрі – АННА) нұсқаулықтарына сәйкес әзірленді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Орталық депозитарий) бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық сәйкестендіргіштерді беруді, өзгертуді және осындай сәйкестендіргіштердің күшін жою тәртібін анықтайды.

Орталық депозитарийдің АННА-мен ISIN кодтары және басқа стандарттар бойынша қызмет көрсету деңгейіне қатысты өзара түсіндіру туралы 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 2 келісімнің негізінде АННА толыққанды мүшесі ретінде Орталық депозитарий Қазақстан Республикасында ұлттық нөмірлеу агенттігінің функциясын (ISO 6166 стандартымен көзделгендей) жүзеге асыра отырып, бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық сәйкестендіргішті береді (*осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 7 мамырдағы шешімімен өзгертілді*).

Осы Қағида Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағының құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылады.

## 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Негізгі ұғымдар

1. Орталық депозитарийдің бағалы қағаздарға немесе басқа қаржы құралдарына беретін халықаралық сәйкестендіргіштері (бұдан әрі – халықаралық сәйкестендіргіштер) болып, мыналар түсініледі:
  - 1) бағалы қағаздарды халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN<sup>4</sup> коды);
  - 2) қаржы құралдарының халықаралық коды (CFI<sup>5</sup> коды).

---

<sup>1</sup> International Standard ISO 6166 "Securities and related financial instruments – International securities identification numbering system (ISIN)". iso.gost.ru сайтынан орыс тіліне стандарт тақырыбын аудару.

<sup>2</sup> International Standard ISO 10962 "Securities and related financial instruments – Classification of Financial Instruments (CFI code)". iso.gost.ru сайтынан орыс тіліне стандарт тақырыбын аудару.

<sup>3</sup> Association of National Numbering Agencies Société Coopérative à responsabilité Limitée (қысқартылған атау – Anna SC, жалпы қабылданған аббревиатура атаулары – ANNA), тіркелген мекенжаймен Бельгия корольдігінің заңды тұлғасы: 6, avenue de Schiphol, 1140 Brussels, Belgium. Ресми Интернет-сайт – www.anna-web.com.

<sup>4</sup> International Securities Identification Number.

<sup>5</sup> Classification of Financial Instruments.

2. Осы Қағиданың мақсатында:

- 1) бағалы қағаздар (қаржы құралдарының) атауы – бағалы қағаздарды шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың және өтеудің (егер осы бағалы қағаздардың түрі өтелетін болса) бір шарттарымен біріктірілген, сондай-ақ бірдей белгілерге және деректемелерге ие бірдей барлық бағалы қағаздардың (қаржы құралдарының) жабық жиынтығы деп түсініледі;
- 2) сауда-саттықты ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін және осы Қағидаға сәйкес Орталық депозитарий халықаралық сәйкестендіргіштерді беретін (берген) түрлі және атаулы бағалы қағаздармен сауда-саттықты жүргізуге уәкілетті қор биржасы деп түсініледі (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен өзгертілді*);
- 3) депонент – депозитарлық қызметті жүзеге асырған кезде Орталық депозитарийдің клиенті болып табылатын ұйым болып түсініледі (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен енгізілді*).

**2-бап.**

**Халықаралық сәйкестендіргіштер берілетін бағалы қағаздар және басқа қаржы құралдары**

Орталық депозитарий мыналарға халықаралық сәйкестендіргіштерді береді:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Қаржы министрлігі) шығарған барлық атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздарына;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) шығарған барлық атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздарына;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған барлық атаулардағы мемлекеттік бағалы қағаздарына;
- 4) бағалы қағаздардың эмитенттері өтініштерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған осы баптың 1)–3) тармақшаларында көрсетілген өзге бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына.

### 3-бап. ISIN коды туралы жалпы ережелер

1. ISIN коды "I" және "O"<sup>6</sup> әрпінен басқа латын алфавитінің араб цифрлары мен бас әріптері пайдаланылған реттік он екі символды білдіреді және түрлері ISO 6166 стандартына В қосымшада көрсетілген бағалы қағаздардың және басқа қаржы құралдарының бірыңғай қайталанбайтын халықаралық сәйкестендіргіштері үшін арналған.
2. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты:
  - 1) осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) берілген ISIN коды ерекше болып табылады, яғни кез келген басқа атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты пайдаланылмайды;
  - 2) осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) берілген ISIN коды осы атаудағы барлық бағалы қағаздары (қаржы құралдары) үшін жалпы (сол бұрынғы) болып табылады.
3. ISO 6166 стандартына сәйкес:
  - 1) ISIN кодының бірінші-екінші позициясы болған символдар (сол жақтан оңға) префикс – "KZ" символдарын құрайды (ISO 3166 "Елдің және оның бөлімдерінің атауларын көрсету үшін кодтар"<sup>7</sup> халықаралық стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының екі әріптік коды);
  - 2) ISIN кодының үшінші-он бірінші позициясы болған символдар (сол жақтан оңға) мазмұны осы Қағиданың 1–4-қосымшаларымен анықталатын негізгі нөмірді білдіреді;
  - 3) ISIN кодының он екінші позициясы болған символ (сол жақтан оңға) есептеу тәртібі осы Қағиданың 5-қосымшасында көрсетілген бақылау цифрын білдіреді.
4. Осы Қағидаға 1-қосымша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар үшін ISIN кодтарының құрылымын және құрамын анықтайды (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 11 ақпандағы шешімімен өзгертілді*).
5. Осы Қағидаға 2-қосымша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық Банк шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар үшін ISIN кодтарының құрылымын және құрамын анықтайды (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 11 ақпандағы шешімімен өзгертілді*).

---

<sup>6</sup> "I" және "O" цифрларын шатастырмау үшін.

<sup>7</sup> International Standard ISO 3166 "Codes for the representatives of countries and their subdivisions". iso.gost.ru сайтынан орыс тіліне стандарттың тақырыбын аудару.

6. Осы Қағидаға 3-қосымша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар үшін ISIN кодтарының құрылымын және құрамын анықтайды.
7. Осы Қағидаға 4-қосымша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың және басқа қаржы құралдарының, осы Қағиданың 2-бабының 1)–3) тармақшаларында көрсетілгеннен өзге ISIN кодтарының құрылымы мен құрамын анықтайды.

#### **4-бап. CFI коды туралы жалпы ережелер**

1. CFI коды латин алфавитінің баспа әріптері пайдаланылатын алты символдың бірізділігін білдіреді және мыналар үшін арналған:
  - 1) қаржы құралдарын бірыңғай халықаралық жіктеуге (қаржы құралдарын шығарған кезде осы құралдардың эмитенттері анықтайтын сирек өзгертілетін қаржы құралдарының сипаттамаларының бірыңғай халықаралық белгілері);
  - 2) ISO 10962 стандартымен белгіленген қаржы құралдарының түрлеріне және олардың ерекше сипаттамаларына қатысты біркелкі халықаралық терминология.
2. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты:
  - 1) осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) берілген CFI коды бірегей болып табылмайды, яғни басқа атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты пайдалануы мүмкін;
  - 2) осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) берілген CFI коды осы атаудағы барлық бағалы қағаздары (қаржы құралдары) үшін жалпы (бір) болып табылады (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен өзгертілді*);
  - 3) бағалы қағаздарға ISIN коды берілгеннен кейін немесе осындай берумен біруақытта осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) CFI коды беріледі (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен енгізілді*).
3. Әртүрлі түрдегі қаржы құралдары үшін CFI кодтарының құрылымы мен құрамы ISO 10962 стандартымен анықталды және анықтамалық мақсаттарда осы Қағиданың 6-қосымшасында ішінара келтірілді.

## 2-тарау. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СӘЙКЕСТЕНДІРГІШТЕРДІ БЕРУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

### 5-бап. Халықаралық сәйкестендіргіштерді беру кезеңдері

1. Орталық депозитарийдің қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) халықаралық сәйкестендіргіштерді беру мынадай кезеңдерді қамтиды:
  - 1) осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) ISIN кодын және/немесе CFI кодын беру үшін негіздеменің туындау фактісін осы Қағиданың 6-бабына сәйкес анықтау;
  - 1-1) Орталық депозитарийдің "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" деген ішкі құжатының 6-бабымен белгіленген ұқсас тәртіппен заңдылығына және сенімділігіне ISIN кодын және/немесе CFI кодын беруге өтінішке қоса берілген құжаттарды тексеру (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі шешімімен өзгертілді*);
  - 2) осы Қағиданың 1–6-қосымшаларына сәйкес осы атаудағы бағалы қағаздары (қаржы құралдары) үшін ISIN кодын және/немесе CFI кодын құрастыру;
  - 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес құрастырылған ISIN кодының бірегейлігін тексеру және осы тексеру кері нәтиже берген кезде осы Қағиданың 1–5-қосымшаларына сәйкес осы атаудағы бағалы қағаздар (қаржы құралдары) үшін ISIN кодын қайтадан құрастыру;
  - 4) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларына сәйкес осы атаудағы бағалы қағаздары (қаржы құралдары) үшін құрастырылған ISIN кодын және/немесе CFI кодын берілген/өзгертілген/күші жойылған халықаралық сәйкестендіргіштерді және онымен байланысты ақпаратты (бұдан әрі – АДК) есепке алу үшін арналған Орталық депозитарийдің арнайы деректер базасына енгізу;
  - 5) осы Қағиданың 7-қосымшасындағы нысандар бойынша осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) ISIN кодын беру туралы куәлікті ресімдеу және осы куәлікті олардың эмитентіне беру және/немесе осы Қағиданың 8-қосымшасындағы нысан бойынша осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) CFI кодын беру туралы куәлікті ресімдеу және осы куәлікті Орталық депозитарийге осы атаудағы бағалы қағаздарына (қаржы құралдарына) CFI кодын беруге өтініш берген тұлғаға беру (*осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен өзгертілді*);



осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) ISIN кодының және/немесе CFI кодының берілгені туралы сауда-саттықты ұйымдастырушыға және Ұлттық Банкке хабарлау *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен өзгертілді)*;

Орталық депозитарийдің Интернет-сайтында осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) ISIN кодының және/немесе CFI кодының берілгендігі туралы ақпаратты орналастыру ([www.kacd.kz](http://www.kacd.kz));

- б) осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) ISIN кодының және/немесе CFI кодының берілгендігі туралы ақпаратты АННА осы ақпаратты АННА халықаралық деректер қорына енгізу үшін және оны АННА қағидасына сәйкес кейіннен пайдалану/тарату үшін беру.
2. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында сипатталған кезең ISIN құрастырылған кодының бірегейлігін тексерудің оң нәтижесін алмайынша қажет болғанда бірнеше қайталауға жатады.
3. Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында сипатталған қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты кезеңді аяқтау оларға ISIN кодының және/немесе CFI кодының берілгендігін білдіреді.

#### **6-бап. Халықаралық сәйкестендіргіштерді беру негіздері және тәртібі**

1. Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушыдан қабылдаған осы атаудағы бағалы қағаздарды шығару туралы мәліметтердің негізінде Қаржы министрлігі шығарған қандай да бір атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздарға халықаралық сәйкестендіргіштерді Орталық депозитарий береді (осы баптың 3-тармағымен белгіленгендерді қоспағанда).

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну нысаны, мерзімдері және тәртібі уәкілетті лауазымды тұлғалардың немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының және Орталық депозитарийдің өзара келісімі бойынша анықталады.

Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарға халықаралық сәйкестендіргіштерді беруді Орталық депозитарий осы Қағиданың 5 және 7-баптарына, осы Қағиданың 1, 5 және 6-қосымшаларына сәйкес жүзеге асырады.

2. Орталық депозитарийдің Ұлттық Банктен қабылдаған осы атаудағы бағалы қағаздарды шығару туралы мәліметтердің негізінде Ұлттық Банк шығарған қандай да бір атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздарға Орталық депозитарий халықаралық сәйкестендіргіштерді береді (осы баптың 3-тармағымен белгіленгендерді қоспағанда).

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну нысаны, мерзімдері және тәртібі уәкілетті лауазымды тұлғалардың немесе Ұлттық Банк органдарының және Орталық депозитарийдің өзара келісімі бойынша анықталады.

Ұлттық Банк шығарған қандай да бір атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздарға халықаралық сәйкестендіргіштерді беру Орталық депозитарий осы Қағиданың 5 және 7-баптарына, осы Қағидаға 2, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Орталық депозитарийдің Қаржы министрлігінен немесе саудасаттықты ұйымдастырушыдан алған тиісінше жазбаша сұратуының (еркін нысанда) негізінде айналыста болған және Қаржы министрлігі шығарған қандай да бір атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздарға Орталық депозитарий халықаралық сәйкестендіргіштерді береді.

Орталық депозитарийдің Ұлттық Банктен алған тиісінше жазбаша сұратуының (еркін нысанда) негізінде айналыста болған және Ұлттық Банк шығарған қандай да бір атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздарға Орталық депозитарий халықаралық сәйкестендіргіштерді береді.

4. Орталық депозитарийдің жергілікті атқарушы органнан қабылдаған осы атаудағы бағалы қағаздарды шығару туралы мәліметтердің негізінде Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы орган шығарған қандай да бір атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздарға халықаралық сәйкестендіргіштерді береді.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну нысанын, мерзімдерін және тәртібін бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық сәйкестендіргіштерді беру жөніндегі функцияны жүзеге асыратын Орталық депозитарийдің бөлімшесіне жетекшілік ететін Орталық депозитарийдің Басқарма мүшесі анықтайды.

Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарға халықаралық сәйкестендіргіштерді беруді Орталық депозитарий осы Қағиданың 5 және 7-баптарына, осы Қағидаға 3, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырады.

5. Орталық депозитарий қабылдаған осы Қағиданың 9-қосымшасындағы нысан бойынша олардың эмитентінің өтінішінің негізінде қандай да бір атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) Орталық депозитарий ISIN кодын береді, осы Қағиданың 10-қосымшасымен белгіленген тізбе бойынша құжаттарды қоса беруі тиіс.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) ISIN кодын беруді Орталық депозитарий осы Қағиданың 5 және 7-баптарына, осы Қағиданың 4 және 5-қосымшаларына сәйкес жүзеге асырады.

6. Орталық депозитарий қандай да бір атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) CFI кодын Орталық депозитарий қабылдаған осы Қағиданың 9-қосымшасындағы нысан бойынша эмитенттің, сауда-саттықты ұйымдастырушының немесе депоненттің өтінішінің негізінде береді, өтінішке осы Қағиданың 10-қосымшасымен белгіленген тізбе бойынша құжаттар қоса берілуі тиіс *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен толықтырылды)*.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) CFI кодын беруді Орталық депозитарий осы Қағиданың 6-қосымшасына, осы Қағиданың 5 және 7-баптарына сәйкес Орталық депозитарий жүзеге асырады.

7. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) ISIN кодын және/немесе CFI кодын беру үшін негіздемелердің туындау фактісі келесілер болып табылады:

1) осы баптың 1, 2 немесе 4-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге берілген мәліметтерді тиісінше осы баптың 1, 2 немесе 4-тармағына сәйкес белгіленген ұсыну нысаны, мерзімдері және тәртібіне сәйкестігіне тексерудің оң нәтижелерін алу фактісі;

2) осы баптың 5 немесе 6-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге ұсынылған Орталық депозитарийге ұсынылған өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы қағида" деген ішкі құжатына сәйкес бағалы қағаздарына және басқа қаржы құралдарына халықаралық сәйкестендіргіштерді беру жөніндегі Орталық депозитарийдің қызметін төлеу шартымен осы Қағидаға 9 және 10-қосымшаларына сәйкестігіне тексерудің оң нәтижелерін алу фактісі *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 22 мамырдағы шешімімен өзгертілді)*.

## **7-бап.**

### **Халықаралық сәйкестендіргіштерді беру мерзімдері**

1. Орталық депозитарий осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) ISIN кодын беру үшін негіздемелердің туындау фактісі күнінен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) ISIN кодын береді.
2. Орталық депозитарий осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) CFI кодын беру үшін негіздемелердің туындау фактісі күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) CFI кодын береді.

### 3-тарау. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СӘЙКЕСТЕНДІРГІШТЕРДІ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ КҮШІН ЖОЮ

#### 8-бап. ISIN кодын өзгерту және күшін жою

1. Орталық депозитарийдің бұрын қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) берген ISIN коды өзгертілуге жатпайды.
2. Орталық депозитарий бұрын ISIN коды берілген қандай да бір атаудағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысты АДҚ-ға олардың эмитентінен, Ұлттық Банктен немесе сауда-саттықты ұйымдастырушыдан АДҚ-ға бұрын есептелген осы атаудағы бағалы қағаздар (қаржы құралдары) және олардың эмитенті туралы ақпараттың өзгергені туралы мәліметтерді алған жағдайда, осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты өзгерістерді енгізеді (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен өзгертілді*).
3. ISIN коды бұрын берілген қандай да бір атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты Орталық депозитарий АДҚ-ға бұрын есептелген осы атаудағы бағалы қағаздар (қаржы құралдары) және олардың эмитенті туралы ақпараттың өзгергені туралы өтінішті олардың эмитентінен алған жағдайда осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты өзгерістерді АДҚ-ға енгізеді.

Аталған өтініш осы Қағидаға 11-қосымшадағы нысан бойынша жасалады және оған осы Қағиданың 6-бабының 5-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге бұрын берілгеннен ерекшеленетін осы Қағидаға 10-қосымшамен белгіленген тізбе бойынша құжаттар қоса берілуі тиіс.

4. Орталық депозитарий қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) бұрын берілген ISIN кодының күшін жояды және АДҚ-ға азаматтық құқықтардың объектілері ретінде олардың қызметі тоқтаған жағдайда осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты тиісінше өзгерістерді АДҚ-ға енгізеді.
5. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) және/немесе қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) бұрын берілген ISIN кодының күшін жоюға қатысты АДҚ-ға өзгерістер енгізген кезде, Орталық депозитарий:
  - 1) бұл туралы осы атаудағы бағалы қағаздардың (қаржы құралдарының) эмитентіне туралы хабарлайды (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі және 2012 жылғы 7 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді*);

- 2) бұл туралы Орталық депозитарийдің Интернет-сайтында ақпаратты орналастырады;
- 3) бұл туралы ақпаратты АННА осы ақпаратты АННА халықаралық деректер қорына енгізу үшін және оны АННА қағидасына сәйкес кейіннен пайдалану/тарату үшін беру.

#### **9-бап. CFI кодын өзгерту және күшін жою**

1. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) Орталық депозитарийдің бұрын берген CFI коды осы атаудағы бағалы қағаздардың (қаржы құралдарының) сипаттамалары өзгерген жағдайда өзгертілуі мүмкін, бұл осы Қағидаға және оның ISO 10962 сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында осы кодты өзгерту қажеттілігін тудырады.
2. Орталық депозитарий қандай да бір атаудағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына бұрын берілген CFI кодын өзгертеді және АДҚ-ға эмитенттен, Ұлттық Банктен немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының осы атаудағы бағалы қағаздар (қаржы құралдары) және олардың АДҚ-да бұрын есептелген және осы кодты құрастыру үшін бұрын пайдаланылған эмитент туралы ақпараттың өзгергені туралы мәліметтерді енгізеді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен өзгертілді)*.
3. Орталық депозитарий қандай да бір атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) бұрын берілген CFI кодын өзгертеді және эмитенттен, сауда-саттықты ұйымдастырушыдан немесе депоненттен осы атаудағы бағалы қағаздар (қаржы құралдары) туралы және осы кодты құрастыру үшін бұрын пайдаланылған және АДҚ-да бұрын есептелген олардың эмитенті туралы ақпараттың өзгергені туралы өтінішті алған жағдайда осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты өзгерістерді АДҚ-ға енгізеді *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен толықтырылды)*.

Көрсетілген өтініш осы Қағидаға 11-қосымшадағы нысан бойынша жасалады және оған осы Қағиданың 6-бабының 6-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге бұрын ұсынылған Қағидадан ерекшеленетін осы Қағиданың 10-қосымшасымен белгіленген тізбе бойынша құжаттар қоса берілуі тиіс.

4. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) бұрын берілген CFI кодын өзгертпей, Орталық депозитарий АДҚ-ға эмитенттен, сауда-саттықты ұйымдастырушыдан немесе депоненттен осы кодты құрастыру үшін пайдаланылмаған, бірақ АДҚ-да ескерілген олардың эмитенті және осы атаудағы бағалы қағаздар (қаржы құралдары) туралы ақпараттың өзгергені туралы өтінішті алған жағдайда осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы

құралдарына) қатысты АДҚ-ға енгізеді *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен толықтырылды).*

Аталған өтініш осы Қағидаға 11-қосымшадағы нысан бойынша жасалады және оған осы Қағиданың 6-бабының 6-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге бұрын берілгеннен ерекшеленетін осы Қағидаға 10-қосымшамен белгіленген тізбе бойынша құжаттар қоса берілуі тиіс.

5. Орталық депозитарий қандай бір атаудағы бағалы қағаздарына (қаржы құралдарына) бұрын берілген CFI кодының күшін жояды және АДҚ-ға азаматтық құқықтардың объектілері ретінде олар қызметін тоқтатқан жағдайда осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты тиісінше өзгерістерді енгізеді.
6. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) бұрын берілген CFI коды өзгерген немесе күші жойылған жағдайда және/немесе қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты АДҚ-ға өзгерістер енгізілген жағдайда, Орталық депозитарий:
  - 1) бұл туралы осы атаудағы бағалы қағаздар (қаржы құралдары) эмитентін, Ұлттық Банкті және сауда-саттықты ұйымдастырушыны хабарлайды (осы баптың 7-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен өзгертілді);*
  - 1-1)(егер қандай да бір депонент берген өтініш негізінде осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) бұрын берілген CFI кодын Орталық депозитарий өзгерткен және/немесе осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) қатысты өзгерістерді АДҚ-ға енгізген жағдайда) осы туралы аталған депонентке хабарлайды (осы баптың 7-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен енгізілді);*
  - 2) бұл туралы ақпаратты Орталық депозитарийдің Интернет-сайтында орналастырады;
  - 3) бұл туралы ақпаратты АННА-ға осы ақпаратты АННА халықаралық деректер базасына енгізу және оны АННА қағидаларына сәйкес кейіннен пайдалану/тарату үшін ақпаратты береді.

7. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) бұрын берген CFI коды өзгерген кезде, Орталық депозитарий:
- 1) осы Қағиданың 8-қосымшасындағы нысан бойынша осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) CFI кодының берілгені туралы жаңа куәлікті ресімдейді;
  - 2) осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) CFI кодының берілгендігі туралы жаңа куәлікті өтінішті берген тұлғаға береді, осы өтініштің негізінде Орталық депозитарий осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) бұрын берілген CFI кодын өзгертті;
  - 3) Орталық депозитарийдің Интернет-сайтында осы атаудағы бағалы қағаздарға (қаржы құралдарына) CFI кодының берілгені туралы бұрын берілген барлық куәліктің жарамсыз болып табылатындығы туралы ақпаратты орналастырады.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен өзгертілді).*

#### **4-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

##### **10-бап**

**Орталық депозитарийдің қызметін төлеу.**

**Орталық депозитарийдің жауапкершілігін шектеу**

1. Орталық депозитарийдің ISIN және CFI кодтарына қатысты қызметі Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес төленеді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 22 мамырдағы шешімімен өзгертілді).*
2. Орталық депозитарий халықаралық сәйкестендіргіштерді берумен, өзгертумен және күшін жоюмен және онымен байланысты ақпаратты таратумен байланысты мүліктегі кез келген нақты шығын, залал немесе жоғалған пайда үшін жауапкершілік алмайды.

##### **10-1-бап.**

**Орнын басатын нөмірлеу агенттігі**

Егер қандай да себептер бойынша Орталық депозитарий Қазақстан Республикасында ұлттық нөмірлеу агенттігінің функцияларын жүзеге асыруға қабілетті болмаған жағдайда, бұл функциялар АННА қағидасына сәйкес орнын басатын нөмірлеу агенттігіне берілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы үшін орнын басатын нөмірлеу агенттігі болып "Ұлттық есеп айырысу депозитарийі" ЖАҚ банктік емес кредиттік ұйымы болып табылады (Ресей Федерациясы). Орталық депозитарийдің осы ұйыммен өзара қатынастары Қазақстан Республикасы үшін орнын басатын нөмірлеу агенттігі ретінде тиісінше шартпен реттеледі.

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 7 мамырдағы шешімімен енгізілді).*

**11-бап. Осы Қағиданы қолдану ерекшелігі**

1. Реттеу тәртібі осы Қағидамен анықталмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, ISO 6166 және 10962 стандарттарына, аталған стандарттарға берілген АННА нұсқаулықтарына, ISIN кодтары және 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 2 басқа стандарттар бойынша қызмет көрсету деңгейіне қатысты өзара түсіністік туралы АННА-мен жасалған Орталық депозитарий Келісіміне сәйкес шешілуге жатады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 7 мамырдағы шешімімен өзгертілді).*
2. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың, ISO 6166 және 10962 стандарттарының, аталған стандарттарға берілген АННА нұсқаулықтарының, осы Қағида қолданысқа енгізілгеннен кейін жазылған, осы нормалардың Қағидада қаншалықты көрсетілгеніне қатыссыз АННА қағидаларының нормаларын басшылыққа алуға міндеттенеді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 7 мамырдағы шешімімен өзгертілді және толықтырылды).*

Президент

Б.Х. Капышев



Бағалы қағаздарға және басқа  
қаржы құралдарына халықаралық  
сәйкестендіргіштерді беру  
қағидасына **1-қосымша**

*(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 11  
ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

**Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар үшін ISIN  
кодтарының**

## **Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы Ж Ә Н Е Қ Ұ Р А М Ы**

<b>Позиция/ позициялар (сол жақтан оңға)</b>	<b>Позициядағы қолжетімді символ (позициялардағы қолжетімді символдар)</b>	<b>Түсіндірмелер</b>
1–2	KZ	ISO 3166 халықаралық стандартқа сәйкес Қазақстан Республикасының екі әріптік коды
3	K	Эмитентті белгілеу – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
4	1	Қазақстан Республикасы мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕККАМ) <sup>8</sup>
	2	Қазақстан Республикасы мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕОКАМ) <sup>8</sup> және Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі заемының ұлттық жинақ облигациялары (НСО) <sup>9</sup>
	3	Қазақстан Республикасы мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық валюталық міндеттемелері (МЕКАВМ) <sup>10</sup>
	4	Қазақстан Республикасы мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық валюталық міндеттемелері (МЕОКАВМ) <sup>11</sup>

<sup>8</sup> Қара. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі № 466 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, қызмет көрсету қағидасы.

<sup>9</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 мамырдағы № 619 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займының ұлттық жинақ облигацияларын шығару, айналысқа қосу және өтеу шарттары туралы Ережені қараңыз.

<sup>10</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі № 398 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі үш, алты, тоғыз және он екі ай мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық валюталық міндеттемелерін шығарудың, айналысының және өтеудің ережесін қараңыз.

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:  
Бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық  
сәйкестендіргіштерді беру қағидасы**

Позиция/ позициялар (сол жақтан оңға)	Позициядағы қолжетімді символ (позициялардағы қолжетімді символдар)	Түсіндірмелер
	9	Мемлекеттік арнайы өтемақылық қазынашылық облигациялары (МАОКО) <sup>12</sup>
	A	Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақ қазынашылық міндеттемелері (МЕУЖКАМ) <sup>8</sup>
	B	Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелері (МУИКАМ) <sup>8</sup>
	C	Қазақстан Республикасы мемлекеттік орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелері (МОИКАМ) <sup>8</sup>
	D	Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕУКАМ) <sup>8</sup>
	N	Қазақстан Республикасы мемлекеттік арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МАОКАМ) <sup>8</sup>
5–11	0000001– 9999999	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздардың әрбір түрі үшін Орталық депозитарий пайдаланатын нөмірлеуге сәйкес реттік нөмірі
12	0–9	Бақылау цифры <sup>13</sup>

<sup>11</sup> Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 сәуірдегі № 597 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі бір жыл және одан артық мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық валюталық міндеттемелерін шығарудың, орналастырудың, олардың айналысының, өтеудің және оларға қызмет көрсетудің ережесін қараңыз.

<sup>12</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы № 1406 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу ережесін қараңыз.

<sup>13</sup> Осы Қағидаға 5-қосымшаны қараңыз.

Бағалы қағаздарға және басқа  
қаржы құралдарына халықаралық  
сәйкестендіргіштерді беру  
қағидасына **2-қосымша**

*(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 11  
ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

**Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар үшін ISIN кодтарының  
ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚҰРАМЫ**

Позиция/ позициялар (сол жақтан оңға)	Позициядағы қолжетімді символ (позициялардағы қолжетімді символдар)	Түсіндірмелер
1–2	KZ	ISO 3166 халықаралық стандартқа сәйкес Қазақстан Республикасының екі әріптік коды
3	W	Эмитентті белгілеу – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
4	1	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары <sup>14</sup>
	X	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқа түрдегі бағалы қағаздары
5–11	0000001– 9999999	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған бағалы қағаздардың әрбір түрі үшін Орталық депозитарий пайдаланатын нөмірлеуге сәйкес реттік нөмірі
12	0–9	Бақылау цифры <sup>15</sup>

<sup>14</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 15 қыркүйектегі № 108 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу қағидасын қараңыз.

<sup>15</sup> Осы Қағидаға 5-қосымшаны қараңыз.

Бағалы қағаздарға және басқа  
қаржы құралдарына халықаралық  
сәйкестендіргіштерді беру  
қағидасына **3-қосымша**

**Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының  
жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар үшін  
ISIN кодтарының**

### **Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы М Е Н Қ Ұ Р А М Ы**

Позиция/ позициялар (сол жақтан оңға)	Позициядағы қолжетімді символ (позициялардағы қолжетімді символдар)	Түсіндірмелер
1–2	KZ	ISO 3166 халықаралық стандартқа сәйкес Қазақстан Республикасының екі әріпті коды
3	Z	Эмитентті белгілеу – Астана қаласының жергілікті атқарушы органы
	A	Эмитентті белгілеу – Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы
4	E	Жергілікті атқарушы органның орта мерзімді бағалы қағаздары <sup>16</sup>
	F	Жергілікті атқарушы органның ұзақ мерзімді бағалы қағаздары <sup>16</sup>
	G	Жергілікті атқарушы органның орта мерзімді индекстелген бағалы қағаздары <sup>16</sup>
	H	Жергілікті атқарушы органның ұзақ мерзімді индекстелген бағалы қағаздары <sup>16</sup>
5–11	0000001– 9999999	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздардың әрбір түрі үшін Орталық депозитарий пайдаланатын нөмірлеуге сәйкес реттік нөмірі (әрбір эмитент бойынша жеке)
12	0–9	Бақылау цифры <sup>17</sup>

<sup>16</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 қазандағы № 1520 қаулысымен бекітілген республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығару қағидаларын қараңыз.

<sup>17</sup> Осы Қағидаға 5-қосымшаны қараңыз.

Бағалы қағаздарға және басқа  
қаржы құралдарына халықаралық  
сәйкестендіргіштерді беру  
қағидасына

**4-қосымша**

**Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес  
бағалы қағаздар үшін ISIN кодтарының**

**ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚҰРАМЫ**

**1-бөлім. АКЦИЯЛАР**

Позиция / позициялар (сол жақтан оңға)	Позициядағы қолжетімді символ (позициялардағы қолжетімді символдар)	Түсіндірмелер
1–2	KZ	ISO 3166 халықаралық стандартқа сәйкес Қазақстан Республикасының екі әріпті коды
3	1	Бағалы қағаздар түрін белгілеу ("акция")
4	C	Жай акция
	P	Артықшылықты акция
5–11	0000001– 9999999	Орталық депозитарийдің акциялар үшін пайдаланатын нөмірлеуіне сәйкес реттік нөмірі (эмитенттің қатысынсыз )
12	0–9	Бақылау цифры <sup>18</sup>

<sup>18</sup> Осы Қағидаға 5-қосымшаны қараңыз.

## 2-бөлік. ОБЛИГАЦИЯЛАР

Позиция/ позициялар (сол жақтан оңға)	Позициядағы қолжетімді символ (позициялардағы қолжетімді символдар)	Түсіндірмелер
1–2	KZ	ISO 3166 халықаралық стандартқа сәйкес Қазақстан Республикасының екі әріптік коды
3	2	Бағалы қағаздар ("облигация") түрін белгілеу
4	C	Эмитент – акционерлік қоғам
	P	Эмитент – шаруашылық серіктестік
	E	Эмитент – мемлекеттік кәсіпорын
	D	Жоғарыда көрсетілгеннен басқа ұйымдастыру-құқықтық нысандағы эмитент
5–11	0000001– 9999999	Орталық депозитарий облигациялар үшін пайдаланатын нөмірлеуге сәйкес реттік нөмірі (эмитентке қатыссыз)
12	0–9	Бақылау цифры <sup>18</sup>

## 3-бөлік. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПАЙ ҚОРЛАРЫНЫҢ ПАЙЛАРЫ

Позиция/ позициялар (сол жақтан оңға)	Позициядағы қолжетімді символ (позициялардағы қолжетімді символдар)	Түсіндірмелер
1–2	KZ	ISO 3166 халықаралық стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының екі әріптік коды
3–4	PF	Бағалы қағаздар ("инвестициялық пай қорының пайлары") түрін белгілеу
